

Шегебаева Айгерім Рысбайқызының 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін әзірленген «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациясына

## ПІКІР

Шегебаева Айгерім Рысбайқызының «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» атты диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті тақырыпқа әзірленген, ғылыми жаңалығы мен маңызды теориялық және практикалық мағынасы бар күрделі жұмыс болып табылады.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарының қатарына жатады. Осы жеке құқықтар мен бостандықтар адамның құқықтық мәртебесінің негізін құрайды және оған тумысынан тиесілі.

Бүгінгі таңда жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, оның ішінде қылмыстық заңмен кепілдік берілген, кез келген адамның жеке өміріне мемлекет, сондай-ақ өзге де заңды және жеке тұлғалар үшін кез келген тәсілмен қол сұғуға болмайтын, сонымен қатар оның келісімінсіз жеке, отбасы және өзге құпиялары жайлы мәліметтерді қандай да бір нысанда жариялауға тыйым салу табылады.

Алайда, аталған құқықтың Конституцияда жарияланып, бекітілуі оның құқықтық және өзге де құралдармен сенімді қорғаусыз еш маңызды болмайды. Адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығын қылмыстық-құқықтық құралдармен қамтамасыз ету келесідей: адамның жеке (жеке басының) өмірі ұғымын анықтау; адамның жеке (жеке басының) өміріне араласудың заңды шектері; адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау немесе тарату үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеу және кінәлінің осындай қылмыстық әрекетерін дұрыс саралау сияқты мәселелердің шешілуіне ықпал етеді.

Жалпы ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да азаматтардың жеке өмірін қорғау саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру мен оңтайландыру бойынша бірқатар жұмыс жүргізіліп жатыр. Алайда азаматтардың жеке өмірін қылмыстық-құқықтық қорғау тиімділігін күшейтуге бағытталған күштер мен құралдар әлі де болса жеткіліксіз және әрі қарай жетілдіруді талап етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі автордың өзімен айрықша баса айтылған. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында және заң ғылымында азаматтың жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының, жеке және отбасы құпияларының ұғымын түсіну және оны қорғау үшін бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. «Жеке өмір», «жеке құпия» және «отбасылық



